



Жоп



ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен жиында Ақтөбе облысында қала аумағындағы, жергілікті және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының қысқы маусымға дайындығы пысықталды.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Айбек Қайырдың айтуынша, өңірдегі жалпы ұзындығы 4440 шақырым болатын жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын қысқы кезеңде күтіп ұстауға 44 кәсіпорын жауапты болып бекітілген. Олардың қатарында 8 облыстық және 36 аудандық жолдарға қызмет көрсететін мердігер мекеме бар. Барлығы 290 бірлік арнайы техника дайындалған.

— Қыс мезгілінде жол қауіпсіздігін сақтау мақсатында көктайғаққа қарсы 3,7 мың тонна инертті материал мен 1,8 мың тонна дизель отынының қоры дайындалды. Сонымен қатар су өткізгіш құбырлар мен көпірлер тазартылып, көктайғақтың алдын алу белгілері орнатылды, — деді Айбек Қайыр.

Қысқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында биыл облыстық маңызы бар 98 шақырым жолдың қар жиі жиналатын учаскелерінде жалпы ұзындығы 5 мың метр жасанды қар ұстайтын құрылғылар орнатылады. Бұл жұмыстар желтоқсан айының басында басталады. Сонымен қатар облыс әкімдігі жанындағы ситуациялық орталықта арнайы техниканы онлайн бақылау жүйесі енгізіліп жатыр. 53 техникаға GPS на-

вигатор орнатылады. Бұл олардың қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Ақтөбе қаласының әкімі Азамат Бекеттің айтуынша, қала аумағында да автомобиль жолдарын қысқы күтіп ұстауға дайындық жұмыстары толық көлемде жүргізіліп жатыр. Облыс орталығының автомобиль жолдарын күтіп ұстау үшін Ақтөбе 18 учаскеге бөлінген. Қызмет көрсетілетін аумақтың жалпы ауданы — 7,03 миллион шаршы метр. Бұл 711 қала көшесі, айналма жолдар мен 54 тұрғын алаптағы жолдарды қамтиды.

— 16 қазаннан бастап қала аумағында күзгі-қысқы маусым ресми түрде басталды. Бүгінде барлық мердігерлік ұйым өз учаскелерінде жұмысқа кірісті. Қазіргі таңда қалалық жолдарға қызмет көрсететін 357 бірлік арнайы техника дайын. Қар тазалау жұмысы екі ауысыммен ұйымдастырылады. Күндізгі уақытта 30 бригада, ал түнгі уақытта 20 бригада жұмылдырылмақ. Қардың қалың түсуі кезінде аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдерінің мердігер ұйымдары да қосымша көмекке тартылады, — деді Азамат Бекет.

Еске салайық, 2025 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында қала аумағынан 340 мың текше метр қар шығарылған.

Қазіргі таңда мердігерлерде көктайғаққа қарсы материалдардың жеткілікті қоры бар, атап айтқанда, 1 650 тонна тұз, 1 410 тонна құм-тұз қоспасы, 2 000 тоннадан астам құм әзірленген.

Баяндамашыларды тыңдап болған соң облыс әкімі Асхат Шахаров жауапты органдар мен аудан әкімдеріне қысқы маусымға толық дайындықты қамтамасыз етуді тапсырды. «Қазавтожолдың» облыстық филиалының республикалық жолдарды жөндеуге қатысты жұмысын сыңға алып, былтырғы қарлы борадағы жағдайлардың қайталанбауын қатаң ескертті. Әкім жолды тазалау және техникаларды уақтылы жұмылдыру мәселесінде олқылықтар болмауы керепін айтты. Сонымен қатар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық коммуналдық қызметтің тәулік бойы кезекшілік кестесін ұйымдастыруды міндеттеді.

— Автомобиль жолдарын қысқы маусымға сапалы әрі толық дайындау қамтамасыз етілуіне тиіс. Бұл ретте арнайы техниканың толық дайындығын қамтамасыз етіп, қажет болған жағдайда қосымша резерв қалыптастыру, инертті материалдар — құм, тұз, реагенттер қорын жеткілікті көлемде дайындау керек. Жолдардың қауіпті және күрделі учаскелерінде қауіпсіздік шарасын күшейтіп, тәулік бойы кезекшілік пен жедел әрекет ету бригадаларының жұмысы ұйымдастырылсын. Төтенше жағдайлар туындағанда жедел әрекет ету алгоритмі бар, соның аясында тұрғындарды уақтылы хабардар етіп, ақпараттық жұмысты қамтамасыз ету керек, — деп өңір басшысы сөзін қорытындылады.

М.ТАБЫН.

Жылыту маусымы

ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

Премьер-Министр кеңесшісі Ермек Маржыпаев облысқа жасаған жұмыс сапары аясында «Aqtobe su-energy group» АҚ ахалдық орталығында болып, компанияға қарасты «Қазандық», «Батыс-2» және «Есет батыр» қазандықтарының техникалық жай-күйін және жылыту маусымының өту барысын тексерді.

Сапар барысында ол инженерлік желілер мен инфрақұрылымдық нысандардың цифрландыру үдерісімен танысты. Бұл жүйе



бастогандар мен қазандықтардың, көріз сорғы станцияларының, сондай-ақ жылу және сумен жабдықтау желілерін қамтиды. Заманауи цифрлық шешімдер арқылы нысандардың жағдайын нақты уақыт режимінде бақылауға және кез келген ақауға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Ермек Маржыпаев мұндай инновациялық жүйелердің енгізілуі ұйым қызметінің тиімділігін арттырып, процестердің ашықтығын қамтамасыз ететінін және халыққа көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға септігін тигізетінін айтты.

А.ҚЫДЫРБАЙҚЫЗЫ.

Мерейтой



ТЕМІРДЕГІ ҚОС МЕРЕЙТОЙ

Темірде аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен жазушы, драматург, журналист Жиенғали Тілепбергеновтің 130 жылдығы және аудандық «Темір» газетінің 95 жылдығына орай көшенді шара өткізілді.

Осы қос мерекеге арналған «Темір үні: тұлға және тағалым» атты тарихи-танымдық конференцияға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Әлібек Байнешов қатысып, облыс әкімі Асхат Шахаровтың құттықтау хатын тапсырды.

Сонымен бірге филология ғылымдарының докторы С.Байменше «Ж.Тілепбергеновтің тарихи тұлғасы мен мұрасы заман зердесінде», филология ғылымдарының кандидаты Ғайша Ниязова «Сатира жанрының семсері» деген тақырыптарда

баяндама жасады.

«Үш таған» журналының бас редакторы, ақын Ертай Ашықбаев аудандық қосылымның мерейтойына байланысты сөз сөйлеп, темірлік әріптестерге Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасын, оның облыстық филиалының құттықтау хатын тапсырды.

Іс-шараға аудан әкімі А.Жақсылықов, Ж.Тілепбергеновтің ұрпақтары, еліміздің бірқатар қалалары мен Ақтөбе қаласынан, облыстың аудандарынан қонақтар және аудан жұртшылығы қатысты.

(Осы қос мерейтойға орай толық материалды газетіміздің алдағы сандарының бірінен оқисыздар.)

Өз тілшіміз.

Отандық өнім

ЖАҢА ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Ақтөбеде өрт сөндіру «жеңдерін» шығаратын тұңғыш отандық зауыт өз жұмысын бастады.

Өрт сөндіру саласының қызметкерлері иілгіш әрі аса төзімді құбырды өрт сөндіретін шпанг деп атайды. Қарапайым адамдар үшін су шашатын шпанг мен өрт сөндіретін жеңнің айырмасы аздау. Ал өрт сөндірушілер үшін бұл тілсіз жаумен күресетін ең маңызды құрал.

Жаңа жобаны «O'rt tehnika-Qazaqstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырды. Бұл — елімізде импортты алмастыру және өрт қауіпсіздігі саласындағы отандық өндірісті дамыту бағытында маңызды қадам.

Компания өткен жылы құрылған. Негізгі бағыты — әлеуметтік, әскери және коммерциялық нысандарда, сондай-ақ Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімшелерінде кеңінен қолданылатын жоғары технологиялық өрт сөндіру «жеңдерін» өндіру. Өнімнің басты ерекшелігі — су өткізбейді, жоғары температура мен қысымға төзімді.

— Облыс басшылығы тарапынан бізге қолдау көрсетілді. Соның нәтижесінде индустриялық аймақтаң 1 гектар жер бөлінді. Қазір біз тесттік кезеңде жұмысты бастап кеттік. Кәсіпорын толық қуатымен жұмыс істей бастағасын индустриялық аймақта жеке ғимарат салып, өндірістік жабдық санын арттыруды жоспарлап отырмыз, — деп, компания басшысы Асқар Әбдірахманов көрсетілген қолдау үшін алғысын білдірді.

Ақтөбеде мұндай өндірістің іске қосылуы өңірде жергілікті жоғары технологиялық кластердің қалыптасуына жол ашып, облыстың өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға және импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Арайлым НҰРБАЕВА.

Astana media week 2025

МЕДИА САЛАСЫНДАҒЫ
ЖАҢА ТРЕНДТЕР
МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Астанадағы «Қазмедиа» орталығында Astana Media Week 2025 апталығы өтіп жатыр. Тоғыз жыл ішінде бұл медиаапта еліміздегі ақпарат саласын дамытуға арналған басты кәсіби алаңға айналып, халықаралық және отандық сарапшыларды, медиабизнес өкілдері мен мемлекеттік құрылымдарды тоғыстырды.

Медиааптаның алғашқы күні «Жасанды интеллект пен цифрландыру кезеңіндегі журналистиканың жаңа бағыттары: қоғам сенімі және өркендеу» тақырыбындағы пленарлық сессиямен ашылды. Форум қатысушыларына Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты оқылды.

рыбымен жалғасты. Күн тәртібінің өзегі — ұлттық контент, шығармашылық экономика және медиа саласының тұрақты дамудағы рөлі болды.

Панелдік сессияда «Стриминг платформалары: нарық, контент, монетизация. Қатысушылар нені күтеді?» тақырыбы талқыланып, қа-



Министр өз сөзінде ақпараттың негізгі ресурсқа айналған дәуірде осындай кәсіби алаңдардың маңызы ерекше екенін атап өтті.

«Дәл осындай кездесулер арқылы біз өзекті мәселелерді ашық талқылап, медиа мен мемлекеттің даму бағытын айқындай аламыз. Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» идеясын жүзеге асыру жолында қоғам мен медианың өзара сенімі басты тірекке айналуда тиіс», — деді Аида Балаева.

Оның айтуынша, Digital News Report зерттеуіне сәйкес қазақстандықтардың бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенімі Орталық Азия бойынша ең жоғары деңгейде. Бұл — медиасаланы жаңғырту бағытында жүргізіліп жатқан жүйелі реформалардың нәтижесі. Министр еліміздің өңірде алғаш болып «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заңды қабылдағанын және жаңа «Масс-медиа туралы» заң редакциялардың мәртебесін нығайтып, журналистердің құқығын қорғауды күшейткенін атап өтті.

Форум барысында Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Ысқақов жасанды интеллектің журналистикадағы рөліне тоқталды. Euronews халықаралық тілшісі Денис Локте де медиа саласында AI жүйелердің дамуы туралы сөз етті.

Айта кету керек, Astana Media Week 2025 аясында медиаорталық холында контент-маркет ұйымдастырылып, жаңа жобалар мен халықаралық кооперациялар таныстырылмақ. Мұнда Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай және Қазақстанның медиа компаниялары бірлескен өндіріс пен копродукция мүмкіндіктерін талқылайды.

Апталықтың екінші күні «Кәсіби шеберлік пен жаңа бетбұрыс» тақы-

зақстандық медиа нарығының жаңа мүмкіндіктері мен даму бағыттары сөз болды.

PR және медиа кәсіби қауымдастығының пікірталасында «Сенім дағдарысы бұл коммуникацияның жаңа дәуірі ме?» деген сұрақ өзекті талқылауға түсті.

Медиа талдаудың болашағына арналған «Сандар шегінен тыс. Медиа талдаудың эволюциясы» атты пікір алмасу барысында саланың сапалы дамуына қажетті жаңа тәсілдер қарастырылды.

Түстен кейін Euronews Academy аясында бірқатар шеберлік сабақтары өтті. Euronews-тің Қазақстандағы бюро жетекшісі Боян Брич қатысқан «Цифрлық дәуірдегі телевизияның трансформациясы» тақырыбындағы сессия медиа кәсібилікті жаңа деңгейге көтерудің қырларын ашты.

Сондай-ақ «Жасанды интеллект дәуіріндегі журналистиканың маңыздылық үшін күресі» атты талқылау мен «Деректі кино: жаңа талғам, жаңа формат» шеберлік сабағы қатысушыларға заманауи медианың бағыт-бағдарын айқындауға мүмкіндік берді.

Форум 7 қарашаға дейін жалғасады. Қатысушылар үшін пленарлық және панельдік сессиялар, жабдық питчингтер мен жетекші сарапшылардың шеберлік сабақтары өтеді. Astana Media Week 2025 заманауи журналистиканың жаңа кезеңін айқындайтын кәсіби диалог алабы ретінде өз маңызын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Бұл маңызды шараға Ақтөбе облысынан арнайы делегация қатысып жатыр. Оны облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Динара Достанова бастап барды.

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ.
Астана-Ақтөбе.

Біздің оқырман

ГАЗЕТТІ ҚОЛЫҢА АЛЫП
ОҚЫҒАНҒА ЖЕТПЕЙДІ

Ермекбай МҰРСӘЛІМОВ,
тұрақты оқырман



— Туып-өскен жерім — Қобда-ның Әлия ауылы. Мектеп бітірген соң Темір қаласындағы техникумда зоотехник мамандығын менердім. Әскер қатарына шақырылғаннан кейін екі жыл бойы ауған жерінде борышымды өтедім. Кейін, 1981-1986 жылдары Алматыдағы зоотехникалық-ветеринарлық институтта жоғары білім алып, жолдамамен Шығыс Қазақстан облысына аттандым. Сол жақта 22 жыл бойы ауыл шаруашылығы саласында еңбек еттім. 2010 жылы туған жерге қоныс аудардым. Содан бері облыстық газеттердің тұрақты оқырманымын.

Бүгінде жасым жетпіске таяп қалса да, газет-журнал оқудан жалыққан емеспін. Үйге газет-журналдың жаңа саны келгенде немерелерім де қызыға парақтап, мақалаларды үніле оқиды. Мұндай сәттер көңілге ерекше бір жылылық ұялатады.

Қос басылымда түрлі тақырыптағы мақалалар жарияланып жатады. Президенттің бастамасымен жарияланған Жұмысшы мамандықтары жылы аясында қарапайым еңбек адамдары туралы көп материал

жарық көріп жүр. Бұған ерекше қуаныштымын. Себебі соңғы жылдары жұмысшылар еңбегі елеусіз қалып, тіпті жастар менсіндірмейтін мамандық санатына ене жаздаған кезі де болды. Ал шындығында, өмірдің өзегі, еңбектің иесі сол қарапайым жандар емес пе?! Айталық, газ дәнекерлеуші, механизатор, құрылысшы — бәрі де өндірістің, тіршіліктің тірегі. Біздің заманымызда мұндай мамандардың мәртебесі жоғары, еңбегіне құрмет ерекше еді. Қазір сол құрметтің қайта оралып, осындай мамандардың еңбегі дәріптеліп жатқанына шын қуаныштымын.

Әзім қоғамдық жұмысқа белсене араласамын. Ауған соғысы ардагерлері қатарында іздеу топтарымен бірнеше мәрте Әлия ауылында болдық. Сол сапарымыз облыстық газет бетінде де жиі жарияланып жатады.

Меніңше, ақпаратты интернеттен оқығаннан гөрі, қолыңа газетті алып, оның ісін сезініп оқу — бір басқа. Газет адамның ойлау қабілетін дамытады, таным көзкіеігін кеңейтеді, рухани байытады.

Ақтөбе қаласы.

